

Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-тайланд үкіметаралық бірлескен комиссиясының бірінші отырысын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 18 қазан N 1132

Қазақстан Республикасы мен Таиланд Корольдігі арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

1) 2002 жылғы 21-22 қазан кезеңінде Астана қаласында Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-тайланд үкіметаралық бірлескен комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) бірінші отырысын өткізсін;

2) Комиссия отырысын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру және протоколдық іс-шараларды қамтамасыз етсін;

3) Комиссияның бірінші отырысын өткізу үшін, оның ішінде Комиссияның тайланд бөлігі мүшелерінің тұруына 2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен 190000 (бір жүз тоқсан мың) теңге сомасында қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім

министрлігі осы іс-шаралардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК